

## ХАТТАМА № 3

№ 1 «Бәйтерек» балабақшасының бракераждық комиссия хаттамасы  
09.09. 2024 жыл

### Қатысқандар:

Комиссия төрайымы: Г.К.Бектурганова-меңгеруші

Комиссия мүшелері: Есенгулова А.К -әдіскер  
Бекеева А.Р-медбике  
Абдуова Б.С-кәсіподақ төрайымы

Асабаева Э.-аспазшы

Касымова Н-ата ана

Дурдыева Ж.Э-ата ана

Нуржанова И-ата ана

### Күн тәртібі:

1. Балабақшада балаларға дайындалған тағамдардың ас мәзіріне сай болуы,тамақ сапасы
2. Жеткізілетін шикі өнімдердің сапасын бақылау,олардың дұрыс сақталуы және сақтау мерзімдерінің орындалуы.
- 3.Топтарға тамақтың тарату уақыты мен тамақ мөлшерінің сәйкестігі
- 4.Топта балаларға тамақ үлестіру тәртібінің сақталуы,балалардың үстел басында отыруын қадағалау
- 5.Асхана мүліктері мен электр аспаптарының талапқа сай болуы

1.2019 жылғы 18 желтоқсандағы  
ас мәзірі бойынша дайындалған тағам:

Таңғы ас	Сүтке піскен тары жармасынан ботқа. Сары май жағылған батон,ірімшік Дәнді дақыл сусыны	Ақшыл сары,қою,дәмі тәтті Сапасы жақсы,батон жұмсақ Ақшыл түсті,тәтті. Қант,сүт мөлшермен
10.00	Шырын	Мөлдір,қышқылтым тәтті
Түскі ас	Тауық еті сорпасында әзірленген кеспе Гуляш.гарнирге картоп езбесі Түсті орамжапырақ пен қияр салаты Итмұрын сусыны Қара нан	Түсі,дәмі,иісі осы тамаққа тән Ет жұмсақ.Картоп жақсы езілген. Салат ақ-жасыл түсті,дәмді Сусын мөлдір,тәтті,қант мөлшермен Нан жұмсақ
Бесін ас	«Насыпной» пирогы Сүт	Ас мәзір бойынша әзірленген.Сапасы жақсы Қамыр жұмсақ,тәтті Ақ түсті,сапалы
Кешкі ас	Балық котлеті,бұқтырылған көкөністермен Тәтті шай Нан	Иісі,дәмі,түсі осы тағамға сәйкес.Сапасы жақсы

2.Балабақшаға өнім жеткізушілер: Нан-ТОО «Татым»

Сүт өнімдері-ИП «Авдиковская»

Көкөністер мен жемістер –ИП «Бикенова»

Ауыз су-ТОО «Golden RiLL Group»

Азық- түлік- ИП «Муканов»

Балық жеткізуші-ТОО «Рыбный мир»

Барлық жеткізушілердің санитарлық кітапшаларының көшірмесі бар, мерзімдері жарамды. Тасымалдайтын автокөліктері талапқа сай.

Қоймадағы тоңазытқыштар жұмыс істейді, істен шықпаған. Температуралары сақталған, арнайы дәптерге жазылып отырады. Тауарлық көршілестік сақталған. Барлық өнімге сапасын растайтын сертификаттары бар, мерзімдері жарамды. Мерзімі өткен өнім табылмады. Қойма тазалығы қанағаттанарлық.

Топтардың жалпы атауы	Таңғы ас	Вітамінді таңғы ас	Түскі ас	Бесін ас
Балбөбек	8.00	10.00	12.00	15.50
Балауса	8.10	10.00	12.10	15.50
Құншуақ	8.10	10.00	12.10	16.00
Балдырған	8.10	10.00	12.10	16.00
Айналайн	8.30	10.00	12.40	16.10
Ботақан	8.10	10.00	12.10	16.00
Ақбота	8.10	10.00	12.10	16.00
Алтынай	8.30	10.00	12.30	16.10
Айголек	8.20	10.00	12.10	16.00
Балдәурен	8.30	10.00	12.40	16.10
Жұлдызша	8.20	10.00	12.20	16.00
Құлыншақ	8.10	10.00	12.10	16.00
Үміт	08.20	10.00	12.30	16.00

### 3. Тамақты алу уақыты

4. Топта балаларды үстел басына тамақты құйып болған соң жайғастыру керек. Алдымен үстел үстіне майлықтарды, нан салғышқа туралған нанды салып қоямыз. I-тағамды, III-тағам (сусынды) құйып болған соң, балалар үстел басына келіп, әркім өз орнына жайғасады. II-тағамды, I-тағамды ішіп болған балаларға тәрбиеші мен көмекшісі әперіп тұрады. Тамақ ішіп болған балалар басқа балаларды күтпей үстел басынан тұрып кетуіне болады. Орындықта арқасын тік ұстап дұрыс отыруын тәрбиеші қадағалайды.

5. Асхана мүліктері талапқа сай, 2 пештің беті ауыстыруды талап етеді. Және су қайнататын электрочай керек. Эмаль және пластмасса ыдыстарды да ауыстыру керек. Жалпы асхана тазалығы қанағаттанарлық.

**Қорытынды:**

А. Балабақшада балаларға дайындалған тағамдардың ас мәзіріне сай болуын, дайын тағамдардың сапасын, балаларға дұрыс, мөлшерімен жеткізуін үнемі қадағалау балабақша медбикесі А. Бекееваға жүктелсін.

Б. Жеткізілетін шикі өнімдердің сапасын үнемі бақылап, сапасыз өнім болған жағдайда қабылдамау, олардың дұрыс сақталуы және сақтау мерзімдерін қадағалауға қоймашы З. Айтбаева жауапты.

В. Топтарға тамақтың тарату уақытын дұрыс орындау және дайын тамақтың мөлшерінің сәйкес болуына аспазшылар А. Бектурсева пен Л. Жакупова жауапты.

Г. Топта балаларға тамақ үлестіру тәртібінің сақталуына, балалардың үстел басында отыруын қадағалауға әр тәрбиеші жауапты. Балаға берілетін тамақ мөлшерлерімен тәрбиешілерді медбике А. Тургунбаева тағы да таныстырсын. Балалардың дұрыс тамақтануы тақырыбында тәрбиешілерге семинар немесе басқа жиын өткізілсін.

. Асхана мүліктері мен аспабтардың күй жағдайын шаруашылық меңгерушісі Р. Ахчебаева мен аспазшы А. Бектурсева үнемі бақылауда ұстасын.

Меңгеруші:

Г.К. Бектурганова

Комиссия мүшелері:

Абдуова Б.С. - әдіскер

Тургунбаева А.А. - медбике

Жакупова Л.А. - аспазшы

Бектурсева . - аспазшы

Касымова Н. - ата ана

Дурдыева Ж.Э. - ата ана

Нұржанова И. - ата ана